



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

**ЖОЛДАУЫ 2021**

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қоңыр күздің алғашқы күндері жарияланған ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы өте ерекше құжат. Ол егемен еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығында жарияланып отыр. Әрине, осы уақыт аралығында Қазақстан қажетті беріктік қоры бар мемлекет болып қалыптасты. Бұл - ішкі саяси тұрақтылық пен бейбітсүйгіш сыртқы саясат, орнықты экономика.

Бірақ уақыт күн тәртібіне басқа өзекті мәселелерді шығарып отыр. Жолдау бүкіл әлемді және біздің елді қамтыған теңдессіз коронакризис, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының төмендеуі жағдайында айтылды. Сонымен қатар, біз Ауғанстан сияқты әлемдік аренадағы геосаяси өзгерістерді байқап отырмыз.

Осындай күрделі жағдайда Президент Жолдауы ағымдағы қауіп-қатерлер мен қауіптерге нақты жауап беріп, сын-қатерлерді нақты белгіледі. Ел Президенті ұлттық бірлікті одан әрі нығайту, азаматтық қоғамды өркендету - жоғары басымдықтар екенін атап өтті. Бұл бүгінгі сынақтардан сәтті өтіп қана қоймай, осы кезеңде елдің дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл Жолдау 5 негізгі бастамадан тұрады:

- халықтың жағдайын көтеру үшін 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі күн көріс жалақысын 42500 теңгеден 60000 теңгеге көтеруді тапсырды;
- кәсіпорын иелеріне жұмысшылардың жалақысын өсіруді және жеңілдіктер беруді, бұл үшін үкіметке бизнеске қолдау көрсетуді тапсырды;
- микро және шағын кәсіпкерлердің еңбекақы төлем қорынан алынатын бірыңғай төлем көлемінің пайызын азайтуды ұсынды;
- 2022 және 2025 жылдар аралығында көптеген қызметкерлердің: мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілердің және т.б. жалақысын жыл сайын 20 пайызға өсіруді тапсырды;
- ең басты қиындық - баспана мәселесі.

# Заман талабына сай Жолдау

Қ.К.Тоқаев зейнетақы қорындағы жинақты алуға болатын бөлігін «Отбасы банкіне» аударып, сол арқылы баспана сатып алуға рұқсат беру туралы айтты.



Міне, осылардың бәрі - елді дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы біліммен қамтуға, саяси жаңғыруға, адам құқығын қорғау мен ұлтты біріктіруге арналған стратегиялық бағыт. Бұл халықтың әл-ауқатын жақсартудың ең маңызды шарасы деп білемін. Сонымен бірге, елдің әлеуметтік-экономикалық қуатын арттырумен қатар мәдени, рухани келбетімізге де аса мән беруіміз керектігін ерекше атап өтті.

Осындай жағдайда Нұра ауданында халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар тиімді іске асырылып жатыр. Олар - жолдарды жөндеу, аудан орталығын абаттандыру, жаңа спорт кешендерінің құрылысы және ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту. Ауыл тұрғындары қолайлы ауа райын пайдаланып, егінді де аяқтады. Ал, індетке қарсы жақсы ұйымдастырылған жұмыстың арқасында ауырған тұрғындардың саны азайып келеді. Бұл - Нұра тұрғындарының ерекше ұйымшылдығы мен еңбекқорлығының айғақ көрінісі.

Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауын тыңдай отырып, болашақ әрқайсымызға байланысты екенін нұралықтар жақсы түсініп, барлық қиындықтарды бірге еңсереміз деген сенімде!

**С.Жұмабеков**

**Нұра орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы**